

Иманқұлова Меруерт Амантайқызының «6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Қазақ тіл біліміндегі таным теориясының ғылыми-әдістемелік негіздері» (А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов зерттеулері бойынша)» атты диссертациялық жұмысына

ПІКІР

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.

Қазақ тіл білімінің танымдық бағытын зерделеу, ғылыми-теориялық ұстанымдары мен әдіснамалық негіздерін айқындау - өзекті мәселелердің бірі. Қазақ лингвистикасының тарихын тілтаным теориясының қалыптасуымен байланыстыру, соның негізінде жекеленген тұлғалардың тілтанымдық тұжырымдарымен танысу, сол арқылы қазақ халқының төл қазынасын құрайтын құндылықтарын қарастыру – барлығы дерлік қазақ тіл біліміндегі когнитивтік ұстанымдардың бастамасын зерделеуге, олардың негізін әлемдік қордың бір бөлшегі есебінде бағалауға көмектеседі, яғни қазақ тіл білімінің тарихи негізінен бастау алатын тілтаным теориясы уақыт сұранысынан туындей келіп, қазіргі жалпы лингвистиканың көкейтесті мәселесіне айналғаны көпшілікке мәлім. А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов еңбектеріндегі танымдық пікір-тұжырымдарға талдау жасап, оны оқытудың әдістемелік жүйесін өзірлеуге көңіл бөліп отырған Иманқұлова Меруерт Амантайқызының «Қазақ тіл біліміндегі таным теориясының ғылыми-әдістемелік негіздері (А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов зерттеулері бойынша)» атты диссертациясының тақырыбы өзекті мәселеге арналған.

Қазақ тіл білімінің негізін салушы ғалымдар, әрі таным теориясының бастапқы ұғымдарын қалыптастырушылар - А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжоловтың тілтаным туралы пікірлерінің, ұлттық құндылықтарды тіл арқылы тануға ықпал ететін көзқарастары мен тұжырымдарының алатын орны ерекше. Аталған ғалымдардың еңбектерін қазіргі уақытта ғылым таразысына салып, қайта бағамдап, ғылыми түрғыдан бағалап, оқытуда пайдаланып, таным теориясын оқыту әдістемесінде анықтау жұмыстың өзектілігін танытады.

Ғалымдардың еңбектеріне сәйкес таным теориясын игертуде өзіндік ізденістер жасату жолымен болашақ педагог мамандардың ойлау, сөйлеу, іздену мәдениетін дамыту үшін ұсынылған дәрістер мен тапсырмалар жүйесі, түрлі әдіс-тәсілдер жұмыстың құндылығын құрайды.

Зерттеу тақырыбының жалпы ғылыми және мемлекеттік бағдарламалармен байланысы Қазақстан Республикасының Білім туралы

Заңын және Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын басшылыққа алуымен сипатталады.

2. Диссертацияға қойылатын (ғылыми дәрежелер беру ережелерінің 9-10 тармағында және Ғылыми қызметкерлердің тиісті мамандықтарының төлкүжаттарында) талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.

Диссертация кіріспеден, екі тараудан және қорытынды мен пайдаланылған әдебиеттерден тұрады. Зерттеу жұмысының құрылымы, мазмұны, тілі, қажетті ғылыми әдебиеттерді пайдалану дәрежесі, көлемі докторлық диссертацияларға (PhD) қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді. Диссертацияның нәтижелері мен ұсынған ғылыми тұжырымдары тақырыпқа қатысты белгілі ғалымдардың еңбектеріне, тілдегі ғылыми теорияларға негізделіп, нақты тілдік деректер арқылы дәлелденген. Диссертант зерттеу жұмысы негізінде бірқатар ғылыми тұжырымдар жасаған және бұл өз тарапынан ғылымға қосқан және үлесі болып саналады. Жалпы алғанда, зерттеуші зерттеу нысанына негіз болған А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжоловтардың лингвистикалық зерттеулеріндегі «таным теориясының» мазмұнын игеріп, ғылыми аппаратты дұрыс қолданған. Зерттеу тақырыбы тіл білімінде, оқыту әдістемесінде алғаш рет арнайы зерттеу нысаны болып отыр. Осымен байланысты диссертация жұмысында теориялық, практикалық тұрғыдан маңызды болып есептеледі. Ізденуші зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелері «Ғылыми дәрежелеп беру ережелерінің 9-10 тармағына сәйкес диссертацияға қойылатын талаптар деңгейінде орындалған.

3. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі.

Ізденушінің қол жеткізген зерттеу нәтижелерінің ғылыми негіздемесі сапалы, тіл біліміндегі, педагогикадағы соңғы жетістіктерді біліктілікпен пайдалана білген, әлемдік тәжірибеден өткен зерттеу әдістерін жетік менгерген. Диссертация сауатты дайындалған, диссиденттің баяндау тәсілі жүйелі де түсінікті ғылыми тілде жазылған.

Диссертациялық жұмыста таным теориясы А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжоловтың еңбектері негізінде қарастырылып, тілдің танымдық қызметі, таным теориясының негізгі ұстанымдары мен менгертудің жолдары айқындалған. Таным теориясына терендей ене отырып, ғалымдардың зерттеулерінің маңыздылығын орынды ашып көрсеткен, олардың әдіснамалық көзқарастарының бүгінде өміршешендігін дәлелдеп, жаңа технологиялармен шебер ұштастыра алған. Зерттеушілердің тілді оқыту барысында ұсынған әдістерін айқындалап, таным теориясын менгерту үлгісі жасалған, әрі тиімді оқытудың үлгілері ұсынылған. А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжоловтың тұжырымдары тілді танымдық тұрғыдан оқытудың ғылыми-әдістемелік жүйесін жасауға көмектесетіндігі және «Тілдік танымның бастау көздері» атты эксперименттік курс жүргізу нәтижесінде студенттердің кәсіби-интеллектуалдық әлеуетін жоғарылатуға

болатындығы диссертациялық жұмыста нақты деректермен, тәжірибелік мысалдармен дәлелденген. Диссертант ғалымдардың еңбектері бойынша таным теориясындағы басты тұжырымдарды айқындай отырып, оны оқытуды ұлттық философияның, заманауи педагогика мен психология ғылымдарының жетістіктеріне сүйеніп дәлелдейді.

Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған тұжырымдары мен қорытындыларының ғылыми-әдістемелік негізделуі айқын, шынайылық дәрежесі жоғары. Зерттеу нәтижесінде жасалған тұжырымдар мен қорытындылардың шынайылық дәрежесі әдіснамалық және теориялық негізде дәлелденуімен, зерттеудің ғылыми аппаратына мазмұнының сәйкестігімен, таным теориясын құндылықтың бағдарлы менгертудің ғылыми-теориялық және әдістемелік негіздерінің сарапануымен, зерттеуде қолданылған әдіс-тәсілдердің тиімділігімен, эксперимент жұмысының жүйелі жоспарлануымен, сандық және сапалық көрсеткіштердің дәлелділігімен сипатталады.

4. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір Ғылыми нәтижесі (қағидасы) мен қорытындысының жаңалық дәрежесі.

Қазақ тіл білімінде таным мәселесі жайында өзіндік тұжырымдар енгізген А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжоловтың еңбектеріндегі басты ғылыми нәтижелерді анықтап, ой-пікірлерін зерделеу, бүгінгі әдістеме ғылымындағы жаңа әдістер арқылы таным теориясының мәселелерін оқыту және тәжірибелік жұмыстарының жүргізілуі диссертациялық жұмыста алғаш рет қолға алнып отыр. Мұның өзі жұмыстағы тұжырымдалған ғылыми нәтижелер мен қорытындыларының жаңалық дәрежесінің жоғарылығын танытады. Ізденуші ұсынып отырган ғылыми нәтижелер мен қорытындылар А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжоловтың қазақ тіл біліміндегі орны мен маңызын анықтауға, оның ғылыми тұжырымдарының бүтінгі ғылыми көзқарас негізінде қайта сұрыпталып, зерделенуіне бағдар береді. Көрнекті тілші-ғалымдардың еңбектерімен таным мәселелерін сабактастыра талдап, олардың көзқарастарын білім беру жүйесіне енгізу тілдік бірліктердің семантикалық өрісін, коммуникативтік ерекшеліктерін, стилистикалық қызметтің жаңа парадигма ретінде қарастыруға мүмкіндік беретінін сарапауы, тілді танымдық тұрғыдан оқытудың ғылыми-әдістемелік жүйесін жасауға көмектесетінін көрсетуі, танымның ғылыми-педагогикалық әдістемелік жақтары тіл білімін тың қағидалармен байытатынын әрі оқыту үдерісіндегі жаңа ұстанымдарды белгілейтіндігін жан-жақты талдап, психофизиологиялық, логика-философиялық, тілдік-мәдени тұрғыдан таным мәселесінің күрделі құрылым болып табылатынын, олардың ғылыми жаңалығының деңгейі мен мәнін талдауы диссертациялық жұмыстың дұрыс қорытынды жасауын қамтамасыз етеді. Зерттеу барысында ізденуші эксперименттік жұмыстар жүргізіп, А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов еңбектері бойынша таным теориясын оқытудың тиімді әдістемесін ұсынады. Таным теориясы мәселелерін кешенді жұмыс түрлері арқылы оқытудың маңыздылығы диссертацияда нақты эксперименттік

жұмыстар арқылы дәйектеліп, ғылыми әдістемелік түрғыдан дұрыс қорытындылар жасалған.

Зерттеу жұмысында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже мен қорытындының жаңалық дәрежесі төмендегідей:

Бірінші ғылыми нәтиже жаңа болып табылады. Диссертациялық жұмыста таным мәселесі философия, психология, тіл білімі аясында айқындалуымен, А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов еңбектері бойынша таным теориясының ғылыми-методологиялық, әдістемелік негіздерінің ашылуымен құнды.

Екінші ғылыми нәтиже жаңа болып саналады. А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов зерттеулерінің негізінде таным мәселесінің лингвистикалық, педагогикалық негіздері теориялық түрғыдан анықталған

Үшінші ғылыми нәтижесі жаңа болып табылады. Зерттеуде А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжоловтың еңбектері негізінде тіл мен таным мәселесі сабактастырылып, таным теориясы психолингвистика ғылымы аясында айқындалған.

Төртінші ғылыми нәтиже жаңа болып есептеледі. Жұмыста А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжоловтың таным теориясы жөніндегі пікір, тұжырымдары сарапталып, қазіргі ғылыми бағыт-бағдар түрғысынан анықталған, олардың еңбектеріндегі ерекшеліктердің қазіргі маңызы дәлелденген.

Бесінші ғылыми нәтиже жаңа болып табылады. А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов еңбектерінің негізінде таным теориясын оқытудың тиімді әдістемесі ұсынылған, кешенді жұмыс түрлері көрсетіліп, эксперимент нәтижесі анықталған.

Алтыншы ғылыми нәтиже жаңа болып есептеледі. Жоғары оқу орнында А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов еңбектері негізінде таным теориясын оқытудың бағдарламасы жасалған.

Жетінші ғылыми нәтиже жаңа болып табылады. А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов еңбектері бойынша таным теориясын оқытуда қолданылатын жаңа технологиялар талданып, жүзеге асырылған.

Сегізінші ғылыми нәтиже жаңа болып есептеледі. А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов еңбектеріндегі таным мәселесінің өміршең түйін-пікірлерінің бүгінгі білім беру үрдісіндегі ұтымдылығы, жаңашылдығы, қажеттілігі дәйектелген.

Сонымен, ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесі (қағидасы) мен қорытындысының жаңалық дәрежесі философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қойылатын талаптарға толық жауап береді.

5. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігінің бағалануы.

Зерттеудің тақырыбы, соған сәйкес құрылымы, мазмұнындағы талдау, зерттеу, салыстыру барысы нәтижелері және жалпы қорытындысы логикалық тұластығымен, жүйелі сабактастықпен сипатталады.

М.А. Иманқұлованың «Қазақ тіл біліміндегі таным теориясының ғылыми-әдістемелік негіздері (А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов

зерттеулері бойынша)» тақырыбындағы зерттеу жұмысы – алға қойылған мақсат өресінен шыға білген, толық аяқталған ғылыми еңбек.

Диссертациялық жұмыс ішкі бірлік пен логикалық байланысты сақтай отырып, кіріспеден, екі бөлімнен, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттерден құрылған. Әр тараудың мазмұндық құрылымы бір жүйеге бағынған, өзара сабактастық пен тұстастықты сақтауға бағытталған, кешенді түрде үйимдасқан. Жұмыс нәтижесінде алынған түйіндердің ішкі бірлігі сақталған, ғылыми-теориялық, әдістемелік ой-тұжырымдар бірін-бірі толықтыра, сабактастырыла баяндалған.

Зерттеу жұмысында келтірілген қорытынды мен тұжырымдар өзара байланыста, бір мақсатқа жұмылдыра отырып дәйектелген. Мәселені жаңа деңгейге көтеру ұстанымдары, қол жеткізуге боларлық нәтижелерді айқындауы, қазақ тіл білімінің ұлы тұлғалары А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжоловтың еңбектеріндегі танымдық бағыттар мен тұжырымдар жүйелі талданып, оларды студенттерге менгертудің әдіснамалық негіздері мен әдістемелік жүйесі жөніндегі пікірлерінің ой желісі жүйелі біртұстастықта берілген, ішкі бірлігі үйлесімді сабактастықта көрінеді.

6. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешууге бағытталатындығы.

М.А.Иманқұлованың диссертациялық жұмысы А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов еңбектері бойынша таным теориясының ғылыми және әдістемелік негіздемесін сараптауды, қазіргі тіл біліміндегі таным мәселесімен сабактастығын анықтауды, әрі ғалымдардың таным теориясына қатысты ұстанымдары мен пікір-көзқарастарын, тұжырымдарын жүйелей отырып, жоғары оқу орнында оқитын студенттерге таным теориясын менгертудің әдістемесін ұсынуды көздейді. Аталған мақсатқа сәйкес міндеттер қойылып, зерттеу әдіс-тәсілдері таңдалып, алынған нәтижелері қазіргі кездегі қазақ тілі әдістемесіне ғылыми-теориялық жағынан үлес қосады.

Диссертациядағы көтерілген мәселелер нақты дерекке сүйеніп, жүйелей талданғандықтан да ізденуші өзінің болжамын соңғы мақсатты нәтиже дәрежесіне дейін көтере алған. Жұмыста алынған нәтижелер қазақ тілінің теориялық мәселелері мен оқыту әдістемесі үшін теориялық және практикалық жағынан маңызды саналады. Диссертацияның қолданбалық міндеті нақты көрсетілген.

Зерттеу жұмысында А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов еңбектеріндегі танымдық көзқарастар жан-жақты қарастырылып, танымдық мәселелерге талдау, жүйелеу, модельдеу жұмыстары жүргізілген. Ғалымдардың еңбектері бойынша таным теориясының ғылыми-методологиялық, әдістемелік негіздерін зерделеуі, олардың зерттеулеріндегі ерекшеліктердің қазіргі кезде де өз маңыздылығын арттырғанын дәлелдеуі, таным теориясын оқытудың тиімді әдістемесін ұсынуы және оны игертуде қолданылатын жаңашыл технологияларды сараптап, іс жүзіне асыруы жан-жақты ғылыми талдауға түседі. Жұмыстың басты ғылыми нәтижелері мен қорытындылары А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов еңбектерінің

маңызын айқындаپ, қазақ тіл білімі ғылымындағы орнын белгілеуге өзіндік үлес қосады, қазақ тіл біліміндегі есімнамалық зерттеулердің орнығын теориялық тұрғыдан толықтырады, сөйтіп, есімнама саласының дамуына кеңінен жол ашады. А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов еңбектері арқылы таным теориясын оқытудың өзіндік әдістемесі ұсынылып, тапсырмалар арқылы студенттер білімдерінің жүйеленуіне бағдар беріледі, жеке тұлғаның қасиеттерін дамытуға басымдылық беріліп, студенттің тұлғалық белсенділігін туғызатын, танымдық, шығармашылық, логикалық ойлау қабілетін жетілдіретін тарихи фактілер мен құбылыстарды талдау, зерттеу арқылы кәсіби біліктілігін арттыратын тапсырмаларды іріктең алудың маңыздылығы нақты эксперимент түрінде талданып, дәлелденген. «Тілдік танымның бастау көздері» қосымша пәніне қатысты таным теориясының теориялық-әдістемелік аспектілері іске асырылған, курстың кәсіби құзыреттіліктер қалыптастырудағы рөлі айқындалған. Диссертация нәтижелері жоғары оқу орындарында оқытылатын қазіргі қазақ тілі, когнитивтік лингвистика, психолингвистика, лингвомәдениеттаным бойынша дәріс оқып, практикалық сабактар жүргізуде пайдаланыла алады. Зерттеу нәтижелері ғылыми тұрғыдан салыстырыла отырып, жүйелі дәйектелген, тілдік деректер ғылыми зерттеу жұмыстарына пайдаланыла алады деп есептеуге толық негіз бар.

7. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткілікті толықтығына растама.

Диссертацияның негізгі қағидалары, тұжырымдары, нәтижелері, қорытындылары автордың жарық көрген 15 еңбегінде көрініс тапқан. Олар: «Қазақстан ғылымы мен өмірі» Халықаралық ғылыми журналда (№6(33) 2015 ж.), Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы, Филология сериясы (№4(54), 2015 ж.), «Қазақстан ғылымы мен өмірі» Халықаралық ғылыми журналда (№6(33), 2015 ж.), «Proceedings of academic science -2014» (Шеффилд, 2014 ж.), «Профессор Қ.Қ. Жұбанов және қазіргі тіл білімі, әдебиеттану және әдістеме саласындағы ғылыми-әдіснамалық зерттеулер» (Алматы, 2015 ж.), «The Sixth European Conference on Languages, Literature and Linguistics» (Vienna, 2015 ж.), «Қазақ лексикографиясы: тарихы, тәжірибесі, болашағы» (Алматы, 2015), «Culture Dialogue of The Silk Road Countries» (Эрзурум, 2016 ж.), «Тіл-құрал – қуатты қүш» (Алматы, 2016 ж., сөүір), «Ғылым, білім және инновациялар – «Қазақстан -2050» стратегиясының орындалуының маңызды факторлары» (Талдықорған, 2015 ж.), «Жана формацияда кәсіптік білім берудің өзекті мәселелері» (Түркістан, 2016 ж.), «Қазіргі бастауыш білім беруде оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың өзекті мәселелері» (Алматы, 2016 ж.) атты халықаралық ғылыми-практикалық және ғылыми-теориялық конференция материалдарында, «Қазақ хандығы дәүірі: тіл, әдебиет және тарих» атты ғылыми-танымдық дөңгелек үстелдің материалдарына (Алматы, 2015 ж.) және Scopus базасына енетін нөлдік емес, импакт-факторы бар «Biosciences biotechnology research Asia» (2015ж., vol. 12(1)), «International Information Institute» (2016ж., Vol. 19(A)) атты

халықаралық ғылыми басылымдарда жарияланған.

Сондықтан диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануы толық жеткілікті деп есептеуге болады.

8. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер.

1. Диссертацияда қарастырылған А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов еңбектерінің қай қайсысын алсаңыз да тіл білімінің әр саласына арналған. Тіпті қазақ жазуы тарихында үш ғалымның да қазақтың төл дыбыстарына негізделген графика ұсынғандығын көреміз. Осыған орай ізденуші диссертациялық жұмысында ғалымдардың еңбектеріне сүйеніп, жазу мәселесіндегі танымды қоса қарастырғанда жұмыстың құны арта түсер еді.

2. Таным теориясын түсіндіруге қатысты ұсынған бірнеше ұстанымдары сәтті шыққан. А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов еңбектеріндегі тілдік танымға арналған көзқарастарының ортақтығы мен ерекшеліктері жүйеленіп сыйза, кесте түрінде берілсе, жұмыстағы тілтанымдық талдаулардың маңыздылығы арта түсер еді.

3. Диссертацияда ішінара техникалық олқылықтар кездеседі.

Бұл ескертулер диссертациялық жұмыстың мазмұнына, құндылығына әсер етпейді деген пікірдеміз.

9. Тиісті мамандық бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру мүмкіндігі туралы қорытынды.

6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Иманқұлова Меруерт Амантайқызының «Қазақ тіл біліміндегі таным теориясының ғылыми-әдістемелік негіздері (А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов зерттеулері бойынша)» тақырыбында жазылған 6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге толық болады деп есептейміз.

Ресми оппонент:

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық

университетінің профессоры,

педагогика ғылымдарының докторы



Ж.Н. Сүлейменова

Кодырылған	М. Н. Сүлейменова
Растаймын:	Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті кадр бөлімінің бастығы
Заверено:	Начальник отдела кадров Казахского государственного женского педагогического университета